

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Ақтөбе облысы Қобда ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкімінің 2014 жылғы 12 мамырдағы № 2 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 мамырда № 3915 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 3 карашадағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда ауданының Жаңаталап ауылдық округінің әкімінің 03.11.2015 № 6 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі " Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Қобда аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық – санитарлық инспекторының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 92 ұсынысының негізінде Жаңаталап ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңаталап ауылдық округінің Жаңаталап ауылы аумағында ірі мүйізді мал арасында бруцеллез жұқпалы ауруының ошағы анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

С. Джумакулов